



## Бюджеттерді декларацияланатын бюджеттерге жатқызу критерийлерін айқындайтын қағидаларды және Бюджеттің қауіпсіздігі декларациясын әзірлеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 2 желтоқсандағы № 19-2/1054 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Эділет министрлігінде 2015 жылды 30 желтоқсанда № 12660 болып тіркелді.

2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Су кодексінің 37-бабы 1-тармағының 28-3) тармақшасына сәйкес **БҮЙЫРАМЫН:**

### 1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Бюджеттерді декларацияланатын бюджеттерге жатқызу критерийлерін айқындайтын қағидалар;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Бюджеттің қауіпсіздігі декларациясын әзірлеу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Эділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Эділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін құнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң, бірақ 2016 жылғы 1 қаңтардан кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі

A. Mamymbekov

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі

E. Dosayev

2015 жылғы 25 желтоқсан

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының  
Ішкі істер министрі  
\_\_\_\_\_ К. Қасымов  
2015 жылғы 9 желтоқсан

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2015 жылғы 2 желтоқсандағы  
№ 19-2/1054 бұйрығына  
1-қосымша

**Бюджеттерді декларацияланатын бюджеттерге жатқызу критерийлерін айқындайтын қағидалар**

1. Осы Бюджеттерді декларацияланатын бюджеттерге жатқызу критерийлерін айқындайтын қағидалар (бұдан әрі – Қағидалар) 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Су кодексінің 37-бабы 1-тармағының 28-3) тармақшасына сәйкес әзірленді және меншік нысандарына қарамастан, бюджеттер қауіпсіздігі саласында міндетті декларациялауға жататын бюджеттерді пайдаланатын ұйымдарға (бұдан әрі – ұйымдар) қолданылады.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұйымдар:

1) бюджет – судың деңгейін көтеру және (немесе) су қоймасын жасау үшін ағын судағы тежеуіш гидротехникалық құрылыш;

2) бюджет класы – жобалаудың қолданыстағы нормаларымен регламенттелетін, гидротехникалық құрылыштың әлеуметтік-экономикалық маңыздылығы мен жауапкершілігі дәрежесін айқындайтын және оның авариясы мен пайдалану бұзушылықтарының зардаптары ескеріле отырып тағайындалатын сапалық-сандық сипаттама;

3) гидродинамикалық авария – гидротехникалық құрылыштағы судың үлкен жылдамдықпен таралуымен байланысты және техногенді төтенше жағдайдың туындау қаупін туыннататын авария;

4) тегеурін шебі – тегеурінді (су қысымын) қабылдайтын сутежеуіш құрылыштардың жиынтығы.

3. Бюджеттер биіктігіне, іргетасындағы жер қабатының типіне, көлеміне, әлеуметтік-экономикалық жауапкершілігіне және ықтимал гидродинамикалық авариялар салдарына байланысты кластарға бөлінеді.

4. Бюджеттерді декларацияланатын бюджеттерге жатқызуудың негізгі критерийі осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес айқындалатын олардың класы болып табылады.

5. Меншік нысандарына қарамастан I, II, III класти бөгеттер декларациялануға жатады.

6. Жобалау ұйымының қорытындысына сәйкес төтенше жағдайлар кезінде жоғары қауіптілік туындататын IV класти бөгеттер де декларациялануға жатады.

7. Бөгеттер класын жобалау құжаттамасын дайындау кезінде жобалау ұйымы белгілейді және ол бөгет параметрлерінің және (немесе) оларды пайдалану шарттарының негізделген өзгерістері болған жағдайда, құрылыш, күрделі жөндеу, пайдалануға беру, пайдалану, реконструкциялау, қалпына келтіру және консервациялау сатыларында өзгертулуга мүмкін.

8. Бөгеттің тегеурін шебінің құрамына кіретін негізгі құрылыштардың класы одан жоғары класқа жатқызылған құрылыш бойынша белгіленуі тиіс.

9. Бөгет класын айқындайтын шарттар өзгерген жағдайда, ол міндетті түрде декларацияда көрсетіле отырып, өзгертулген шарттарға сәйкес келтірілуі тиіс.

Бөгеттерді декларацияланатын  
бөгеттерге жатқызу  
критерийлерін айқындайтын  
қағидаларға қосымша

### **Бөгеттер класы**

Құрылыштар	Жер қабатының типі	Құрылыштардың класы				бойынша				биіктігі, метр	
		I	II	III	IV	20-дан	50-ге	дейін	20-дан	кем	
1. Жер қабаты материалдарынан жасалған бөгеттер	A	80-нен астам	50-ден	80-ге	дейін	20-дан	50-ге	дейін	20-дан	кем	
	B	65-тен астам	35-тен	65-ке	дейін	15-тен	35-ке	дейін	15-тен	кем	
	V	50-ден астам	25-тен	50-ге	дейін	15-тен	25-ке	дейін	15-тен	кем	
2. Бетон, темірбетон бөгеттер	A	100-ден астам	60-тан	100-ге	дейін	25-тен	60-ка	дейін	25-тен	кем	
	B	50-ден астам	25-тен	50-ге	дейін	10-нан	25-ке	дейін	10-нан	кем	
	V	25-тен астам	20-дан	25-ке	дейін	10-нан	20-ге	дейін	10-нан	кем	

Ескертпелер:

жер қабаттары: А – тасты; Б – құмайт, қатты және жартылай қатты күйдегі ірі сынықты және балшықты; В – пластикалық күйдегі су сінірген балшықты.

Әлеуметтік-экономикалық жауапкершілігіне және пайдалану шарттарына байланысты бөгеттер класы

Гидротехникалық	құрылыш	объектілері	Құрылыштар	класы
-----------------	---------	-------------	------------	-------

1. Су қоймасының көлемі мынадай болған кезде гидротораптардың тежеуіш күрылыштары (миллион текше метр $(m^3)$ ):	
1000-нан	астам I
200-ден 1000-га	дейін II
50-ден 200-ге	дейін III
50 және одан кем IV	
2. Бөгетке бекітіп берілген суару алаңы (мың гектар (га)):	
300-ден жоғары I	
100-ден 300-ге	дейін II
50-ден 100-ге	дейін III
50 және одан кем IV	
3. Су қоймасынан су тартуды жүзеге асыратын су тарту күрылыштары:	
200-ден жоғары I	
100-ден 200-ге	дейін II
20-дан 100-ге	дейін III
20-дан кем IV	

## Іқтимал гидродинамикалық авариялар салдарына байланысты бөгеттер класы

Гидротехникалық күрылыштар класы	Гидротехникалық күрылыштардың авариясынан зардап шегуі тұргылышты саны (адам саны)	Гидротехникалық күрылыштардың авариясы шегетін жағдайлары мүмкін адамдар мүмкін адамдар (адам саны)	Гидротехникалық күрылыштардың иесі шегетін есепке жағдайлары бұзылуы ықтимал саны материалдық залал мөлшері (миллион ЕТЖ)	Гидротехникалық күрылыштардың залалды авариясы нәтижесінде тұындаған төтенше жағдайдың таралу аумағының сипаттамасы
I	3000-нан астам 20 000-нан астам	20 000-нан астам 50-ден астам	50-ден астам	Қазақстан Республикасының екі және одан көп

							облысының шегінде
II	500-ден 3000-га дейін	2000-нан 20000-га дейін	10-нан 50-ге дейін				Қазақстан Республикасының бір облысы (екі және одан көп аудан) аумағының шегінде
III	500-ге дейін	2000-га дейін	1-ден 10-га дейін				Бір аудан аумағының шегінде
IV			1-ден кем				Бір аудан аумағының шегінде
<b>Ескертпелер:</b>							
гидротехникалық жобаны ЕТЖ – Республикасының заңы	құрылыштар жобаны тиісті бойынша	авариясынан өзірлеу жылдарға	болатын кезінде арналған ең	ықтимал қолданыста респубикалық төменгі	залалдар айқындалады; Қазақстан бюджет туралы жалақы.		

Қазақстан Республикасы  
 Ауыл шаруашылығы министрінің  
 2015 жылғы 2 желтоқсандағы  
 № 19-2/1054 бұйрығына  
 2-косымша

#### **Бөгеттің қауіпсіздігі декларациясын өзірлеу қағидалары**

1. Осы Бөгеттің қауіпсіздігі декларациясын өзірлеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Су кодексінің 37-бабы 1-тармағының 28-3) тармақшасына сәйкес өзірленді, бөгеттің қауіпсіздігі декларациясын өзірлеу тәртібін анықтайды және бөгеттерді пайдаланатын барлық меншік нысанындағы ұйымдарға (бұдан әрі – ұйымдар) қолданылады.

2. Бөгеттің қауіпсіздігі декларациясы, уәкілетті орган бөгеттер қауіпсіздігі саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестаттаған ұйымда өтінім беруші ұйымның қаражаты есебінен сараптамадан өтүі тиіс.

3. Тіркеу шифрін беру үшін бөгеттің қауіпсіздігі декларациясы су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі бассейндік инспекцияда (бұдан әрі – бассейндік инспекция) тіркелуі тиіс.

Бассейндік инспекцияның бөгеттің қауіпсіздігі декларациясын тіркеу мерзімі құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен аспайды.

**Ескерту 3-тармақ жана редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары –  
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 02.08.2016 № 351  
(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң  
қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4. Бөгеттің қауіпсіздігі декларациясын әзірлеуді бөгетті пайдаланатын үйым дербес не оның қаражаты есебінен аттестатталған бөгде үйым жүзеге асырады.

5. Бөгеттің қауіпсіздігі декларациясын аттестатталған үйым әзірлеген жағдайда, сараптамалық қорытындыны басқа аттестатталған үйым береді.

6. Бөгеттердің қауіпсіздігі декларациясы мыналарды қамтиды:

1) титулдық парап;

2) бөгет және ол орналасқан ауданның табиғи жағдайлары, жобада, пайдалану қағидаларында және уәкілетті мемлекеттік органдардың нұсқамаларында көзделген қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы деректерді (мысалы, бөгетте орнатылған жүк көтергіш механизмдерді, өрт дабылдамасын пайдалану мәселелері бойынша) қамтитын жалпы ақпарат, пайдаланушы үйым туралы негізгі мәліметтер;

3) бөгеттің қауіпсіздігі декларациясына қосымша ретінде - жалпы сыйбалар жиынтығы бар бөгет паспорты: су қоймасының жоспары, гидротораптың бас жоспары, тегеурін шебінің құрылышжайлары, қоршау және қорғау дамбалары бойынша жоспарлар мен бөліністер, су басу аймақтары, қоршаган ортаға зиянды әсер ету аймақтарының шекаралары есептемелерінің нәтижелері бар ахуалдық жоспар;

4) құрылыш және пайдалану кезеңдерінде бөгет арқылы белгіленген көлемдегі тасқын суларды жіберу жөніндегі техникалық шешімдердің негізdemесі;

5) қауіптің ықтимал көздерін айқындауды және мақсатына, қурделілік сыйныбына, конструкция ерекшеліктеріне, пайдалану шарттарына және қауіпсіздікке қойылатын арнайы талаптарға байланысты бөгеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету ерекшеліктерін ескере отырып, төтенше жағдайларға жол бермеуге және (немесе) олардың салдарларын азайтуға дайындығын қоса алғанда, бөгеттің қауіпсіздігін талдау және бағалау;

6) беріктікке, тұрақтылыққа, су өткізбеушілікке және төзімділікке арналған есептеу негізінде бөгет қауіпсіздігі көрсеткіштерінің белгіленген жол берілетін мәндері;

7) бөгетті тегеурінге қою кезеңіндегі заттай байқау деректері;

8) жекелеген конструкциялық элементтер үшін қауіпсіздік өлшемшарттарын және тұтастай алғанда құрылышжай қауіпсіздігі деңгейін айқындай отырып,

құрылыштардың техникалық жай-күйін заттай байқау нәтижелері, сондай-ақ қауіпсіздіктің шекті жол берілетін көрсеткіштерін нақтылау бойынша ұсыныстар;

9) бөгетте болған апартар және олардың жою жөніндегі шаралар туралы деректер;

10) объектілерді күзету жүйесі және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы деректер;

11) пайдаланушы ұйымның бөгеттің қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспары;

12) бөгеттегі ықтимал және туындаған апарттық жағдайлар туралы халықты, уәкілдеп ті орган мен бассейндік инспекцияны, ішкі істер органдарын, облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарын хабардар ету;

13) декларанттың жекелеген тораптардың және жалпы бөгеттің қауіпсіздігі деңгейін, сондай-ақ қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қажетті іс-шаралар тізбесінің жеткіліктілігін бағалауы;

14) қолданыстағы заңнамаға сәйкес құрылышы немесе реконструкциялануы, күрделі жөндеуі, қалпына келтірілуі аяқталған бөгетті пайдалануға қабылдау актісі.

**Ескерту. 6-тармақ жана редакцияда – КР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 13.12.2019 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

7. Бөгетті пайдаланатын ұйымның басшысы (жобаға тапсырыс беруші) әзірленген декларацияның аттестатталған ұйымда бөгеттің қауіпсіздігі сараптамасының жүргізуін қамтамасыз етеді.

8. Оң сараптамалық қорытынды алынған жағдайда, бөгеттің қауіпсіздігі декларациясы бөгетті пайдаланатын ұйымның басшысына (жобаға тапсырыс берушіге) бекітуге енгізіледі.

9. Теріс сараптамалық қорытынды алынған жағдайда, бөгеттің қауіпсіздігі декларациясы декларация ескертулерді жою үшін ұйымға қайтарылады және қайталама сараптамаға ұсынылады.

10. Бөгетті реконструкциялау, күрделі жөндеу, қалпына келтіру және (немесе) консервациялау жағдайларын қоса алғанда, бөгеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге әсер ететін шарттар (бөгет ішінде және одан тыс жерде) өзгерілген жағдайда, бөгеттің қауіпсіздігі декларациясы өзгерілілуі тиіс.

Бөгеттің қауіпсіздігі декларациясына өзгерістер енгізілген жағдайда, ол өзгерістер енгізілгеннен кейін үш айдан кешіктірілмейтін мерзімде қайта сараптамадан өтуі және бассейндік инспекцияда тіркелуі тиіс.

**Ескерту. 10-тармақта өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 02.08.2016 № 351 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

11. Бөгеттің қауіпсіздігі декларациясы кемінде бес жылда бір рет әзірленеді, сондай-ақ мерзіміне қарамастан мынадай жағдайларда:

- 1) құрылыштың беріктігі деңгейінің төмендеу қаупі туындаған, төтенше жағдайлардың алдын алу шарттары нашарлаған кезде;
- 2) бөгеттерді реконструкциялаудан, күрделі жөндеуден, қалпына келтіруден және (немесе) консервациялаудан кейін – тиісті құрылыш-монтаждау жұмыстарын қабылдағанға дейін;
- 3) обьектіні пайдалануға беру алдында;
- 4) пайдаланудың алғашқы екі жылынан кейін;
- 5) гидротехникалық құрылыштардың қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық актілер, қағидалар мен нормалар өзгерген кезде;
- 6) авариялы жағдайлардан кейін;
- 7) пайдаланудан шығарылған кезде;
- 8) бөгеттің класын айқындайтын шарттар өзгерген кезде түзетілуі тиіс.

12. Салынып жатқан бөгеттерге арналған бөгеттің қауіпсіздігі декларациясы құрылышты уақытша және (немесе) тұрақты пайдалануға берудің белгіленген мерзіміне дейін әзірленеді.

13. Бөгеттің қауіпсіздігі декларациясы мемлекеттік тілде және орыс тілдерінде екі данада қағаз және электрондық жеткізгіштерде әзірленіп, ресімделеді және оны бөгетті пайдаланушы (жобаға тапсырыс беруші) ұйымның бірінші басшысы бекітеді.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 02.08.2016 № 351 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

14. Бассейндік инспекцияда тіркеу үшін бөгеттің қауіпсіздігі декларациясы жоба құрамында және (немесе) жеке құжатпен ұсынылады.

**Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 02.08.2016 № 351 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

15. Бөгеттердің және бөгеттің қауіпсіздігі декларациясын тіркеген ұйымдардың тізбесі уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚРМК